

Еңбекшіқазақ ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 1018 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 5 қаңтарда № 4476 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. "Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Еңбекшіқазақ ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жолдауын;

4) осы қаулыны Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Керімбеков Бекен Орынбековичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Еңбекшіқазақ ауданының әкімі

Б. Ысқақ

Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "22" желтоқсан "Еңбекшіқазақ ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды

Еңбекшіқазақ ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қамтамасыз етуге қатысатын комиссия қарайды, Еңбекшіқазақ ауданының Әкімдігімен құрылған, Еңбекшіқазақ ауданының Ішкі істер бөлімінің ұсынысы бойынша.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, әдетте 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтынын, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша Ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.